

А.С. ІСИМАҚОВА

ТҰРМАҒАМБЕТ ТАҒЫЛЫМЫ

Белгілі ақын, аудармашы Тұрмағамбет Ізтілеуов Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында 09.07.1882 жылы туып сонда 15.5.1939 қайтыс болған. Алғаш білімін ауылдағы ишан молдадан дәріс алып, кейін Бұхарадағы «Мир араб» (1896–1899) және «Кекелташ» медресесінде оқыған (1896–1905).

Кеңес кезін діни сауатты адам қалай қарсы алушы еді? Ақын исламдық білімі кінә болып саналған кезде ауыл мектебінде бала оқытады. Бұл 1905–1925 жылдар аралығы. Дегенмен Т.Ізтілеуов өлеңдері арқылы ғибратты ойларын замандастарына жеткізіп отырған. 1936–37 жылдары Халық ағарту комиссариатында ғылыми қызметкер жұмысына шақырылады.

Ақын тұңғыш мысал өлеңін («Қара қоңыз») 14 жасында шығарған екен. 18 жасында алғаш «Мәрді дикан» дастанын жазған. Оннан астам дастандары бар: «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану» т.б. «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басты» (1916) атты шығармасында ақын қазақ елінің 1916 жылғы ұлзаттық қозғалысын жырлайды. Дер кезінде жазылған бұл туындының тарихи маңызы зор екені де анық. Фирдоусидің «Шаһнама-сын» қазақ тіліне еркін аударма түрінде жасаған да Тұрмағамбет Ізтілеуов. Аударма 40 мың жолдан тұрады. Кеңес кезінде шығармалары «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1985) жинақтарында жарияланған, «Қазақ әдебиеті тарихы» (1965, 2-томы, 2 кітап) және тәуелсіз кезде шыққан әдебиет тарихы басылымдарында өмірі мен шығармалары талданған. Кеңес кезінде ақынның 80, 100 жылдық тойлары республика көлемінде аталған.

2006 жылы шыққан «Он ғасыр жырлайды» кітабына да ақынның имандылыққа шақырған өлеңдері таңдалып кіргізілген.

Ақын 1905 жылдан бастап 20 жыл бойы оқу-ағарту ісімен айналысқан. Алаш зиялылары сияқты бала оқытуды, жастарға дәріс беруді басты мақсат етіп қойғаны белгілі. Ұстаздықтың ел үшін ең маңызды іс екенін ақын осылай үлгі етіп алға тартқан. 1935 жылы Алматыға шақырылады, содан бері шығармашылық іс басында болғаны белгілі.

«Шаһнаменің» бір бөлімі – «Рүстем-Дастан» 1961 жылы жеке кітап болып жарық көрді. Дүниежүзі әдебиетінде белгілі бір сюжетті туындылар аударма кезінде ақынның төлтума туындысы іспеттес

болып кетеді. Осыған орай «Рүстем дастанымен» Тұрмағамбет барады Фирдоусимен иықтасып» (Т.Молдағалиев) деген пікірдің де жаны бар. Ақынның кітаптары кеңес кезінде 1972, 1982 жылдары жарияланған. Әрине цензурадан өткендері ғана.

Бұхара медреселерінен діни және әдеби білім алған ақын бұл ілімін өз шығармаларында пайдалана білген. Ислам дінінің бас кітабы Құран Кәрімді, Мұхаммед с.а.с. хадистері мен сахабалар өмірі туралы ислам тарихын оқып тәмамдаған ақын Бұхара кітапханасынан түркі, араб, парсы, үнді әдебиеті жәдігерлері, философия, тарих ғылымдары мұраларымен жақсы таныс болған.

Шығыс халықтары мұраларын түркі – шағатай, араб, парсы тілдеріндегі нұсқаларынан оқып меңгеру ақынның кейінгі ұстаздық, ағартушылық, ақындық ісіне негізгі себеп болды деуге әбден болады.

М.Қаратаев, М.Байділдаев, Ө.Күмісбаев, (Т.Ізтілеуов және оның «Рүстем-Дастаны») сияқты ғалымдар ақынның шығармаларын кеңес кезінде жан-жақты зерттеген.

Лирикалық өлеңдері адамның көңіл-күйін («Ой», «Мен қалдым қайғы-қасірет қапасында», «Кәрілік көріністері» т.б), саяси-әлеуметтік мәселелерді («Қу заман», «Тар замана», «Кіріптар», «Ұшқын», «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басты»), махаббат сезімін («Сымбатты сұлу», «Ақжібек», «Құлпы қыз», «Сұлу қыздың кескіні», «Көңліме гүлі егілді махаббаттын» т.б), тылсым табиғатты («Жыл келді», «Сыр бойы») түсінуге арналған.

Ақын өлеңдері адамның сезімін бейнелейді, оның дамуын, өзгеруін бақылайды, сондықтан бұл жәйбарақат лирика емес. «Назым», «Адамның ісі», «Толымды жігіт», «Абайды оқығанда», «Өнер бәйгесі», «Ұядан ұшқанда» т.б. осыған дәлел. Аталған өлеңдерде өмірдің жалғандығы, адамдық, пенделік қарым-қатынастардың қыр-сыры мен қайшылықтары толғанған. Ақын осы тұстарда мұсылмандық түсінікті алға шығарып отырады.

Ақынның шығармаларындағы нақылдардың да жөні де ерекше. Олар адам қарым-қатынасының мәдениеті, адамдық қасиеттер, сөз өнері, ғылым, білім, азаматтық парыз, отансүйгіштік, отбасы сияқты ұлағатты мәселелерге арналған. Сатиралық өлеңдері («Еңбегін ессізге еткен еш болмайды», «Құлжан биге», «Мырзаның мінезі», «Насыбай», «Шылым», «Сөз берсем түзеймін» деп бұзасындар»)

адамның пендешілік жағымсыз жақтарын бейнелеп олардан аулақ болуға шақырады.

Т.Ізтілеуовтің жазбаша айтыстарының жөні ерекше. Олар: «Тұрмағамбет пен Шәді төре», «Алты ақынның өмір туралы айтысы», «Тұрмағамбет пен Әбдікәрім», «Тұрмағамбет пен Жүсіп», «Тұрмағамбет пен Сәнбала». Ақынның айтыс ақындарына айтқан сөздері де өз алдына бір топ: «Омар мен Таубайдың Жүсібіне», «Омар мен Нұрмаханға», «Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіпке айтқан соңғы билігі», «Кете Жүсіп пен Даңмұрынға». Аталған туындыларында ақын адамның бұл дүниедегі өмірінің мәні, қазақ ұлттық дүние-танымы, ұрпақтар арасындағы рухани жалғастық, фәни мен бақи дүниенің мәңгілігі, жалпы адамдық, пенделік қасиеттерді айшықтап берген.

Тұрмағамбет мысалдары да нақты ғибратты ойларға құралған: «Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен Кірпікшешен», «Төрт дос», «Дарак пен сая», «Жолаушы мен дана», «Қара қоныз», «Көкқұтан мен шымшық», «Өгіз бен есек». Аталған мысалдарда қысқа диалогтар арқылы ақын маңызды мәселелерді тұжырымдап токетерін түйіндеп берген. Ақынның дастандары қазақ поэзиясы мен Шығыстың классикалық әдебиетінің әсерінен туған назиралық эпикалық (сюжетті) поэмалар: «Мәрді дихан», «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану», «Әшкәбус», «Мақта», «Соқыр мен ақсақ», «Есер мен есті», «Ескендір», «Үш бәңқор», «Шаһнама».

Адамның сезімін бейнелейтін дәстүр Абай, Шәкәрім шығармаларында қалыптасса Т.Ізтілеуов осы дәстүрді әрі жалғастырушы. Абай көңілдің жалпы түсінігін айтса, Шәкәрім көңіл неден құралады, неге бағынатынын анықтап берген. Т.Ізтілеуовтің көңілі басқаша:

Ей көңілім, талпи берме беталдыңа!
Бетіңше талпынғанмен, кете алдың ба?
Үш түгіл алтайыға, алты қостым,
Сонда да біреуіне жете алдың ба?

Заманының қысымына сай, ақынның көңілді еркіне жіберіп жәйбарақат ойлану-толғануға мұршасы жоқ. Ақын көңілдің әртүрлі шалқуын, бірақ оның сезімге жете алмауын осылай анықтап береді.

«Ұрпақ» өлеңі жыраулардың үнімен басталғандай:

Өлгенсін ердің орны төлене ме?
Қу мола сау күнгідей елене ме?
Орныға мың тал шыбық бітседағы

Бұрынғы үжімшілік көгере ме?
Артында ақылы артық бала қалса
Қалғандай кескір алмас керегеде!

Өлімнен еш пенде құтыла алмайтынын Т.Ізтілеуов «Өлім – оқ» деген өлеңінде былай деп бейнелеген:

Жасыңда жаңа соққан пышақтайсың,
Қаржалып, қартайған соң ұсақтайсың.
Өкпеңнен өлім оғы өткен күні
Көз жұмып қара жерді құшақтайсың

«Өнер бәйгесі» өлеңінде тек өнерде емес, жалпы өмірде де адамның жақсы мен жаманды айыра білуі қажет екенін ескертеді. Т.Ізтілеуов әр адам өз ойымен талдап оң мен солды ажыратып алуын шарт деп санайды. Себебі Абай айтқандай, ессіздің ісі де ессіз болмақ:

Ақылсыз нені аңғарар, көз болғанмен,
Кім тыңдар өтірікті, сөз болғанмен.
Қалғансын жалыны өшіп, шоғы сөніп,
Қазанды қайната алмас, қоз болғанмен
Гауһарды тас екен деп тастап кетер,
Жаманға жол үстінде, кез болғанмен.
Басатын бабын тауып болмаса ұста,
Қисықты кім түзетер, тез болғанмен!?
Шын шебер ділдә орнында өткереді,
Өнерлеп өте порас¹, жез болғанмен
Шаңғытта шамаң келсе қала бермей,
«Ой» – атты ойнақтатып өз жорғаңмен!

Ғұлама діни білімді игерген Т.Ізтілеуов кеңес кезінде уағызды ашық айта алмай өлеңдері арқылы ғибратты ойларды осылай жеткізіп отырған.

«Қайтсең де өз халқыңа қызмет қыл» атты өлеңінде ақын елдің қорғаны, ер болу үшін қандай қасиеттер керек деген ойды нақтылап береді. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ер мен еркек түсініктерін қандай ерекшеліктер айырып тұр деген сауалға Т.Ізтілеуов осы өлеңімен жауап бергендей:

Қабанға қарсы ұмтылма, «ер» дегенге,
Сортапқа тұқым шашпа, «жер» дегенге.
Отырып өрт алдында, өртеңбеңдер,
«Сабырлы саспайтұғын «кер» дегенге.

Себебі нағыз ер:

Орнынды о бастағы таппай қалма
Төменнен тұра ұмтылып, «төр» дегенге.
Талқанды «тәтті емес» деп теппе аяқпен,
Қарынды қазы-қарта кермегенге....

Сондықтан:

Артықша ықыласың ауғанменен,
Сыр айтпа, сыннан бұрын көрмегенге.
Бермеңдер, «ер екен» деп, ел билігін,
Құлашын құр далаға сермегенге.
Жүрмейді жүз айтқанмен ықпал еріп,

¹ Порас (простой) – жай, қарапайым, жабайы. – Т.Ізтілеуов түсініктемесі. Қазақ поэзиясының антологиясы. Алматы, 1993. 267-268-бб.

Жұртына жәрдем-көмек бермегенге.

Адамның жүзіне қарап айтқанына сеніп алданып қалу, іс жүзінде ондай ердің шынымен де еліне істеген жәрдемі бар ма деген сауал бүгінгі бізге де қажет ақыл.

Абайдың атанның ғана емес, адамның баласы бол деген ойын Т.Ізтілеуов өлеңінде былай дамыта түскен:

Бағанды білген ерге басыңды бер.
Дұр шашпа, шапшандайтын термегенге.
Болғанмен бірге туған бауырласың,
Сөз айтпа ақылыңа ермегенге.

Сонда ер адам не істеуі қажет деген сауалға ақын былай дейді:

Қайғырма, «қалайша күнелтем?» – деп
Қораңнан қой мен түйе өрмегенге.
Таңдағы тамағыңа кімдер кепіл?
«Ұшытар өлі балық – өлмегенге»
«Емес, – деп, ата-тегі бізден артық»,
Таласпа, талабы асып өрлегенге.

Осының бәрін жеңіп, пенделігін бағындыр-ған азаматқа ақын ақыл қосады:

Бақ қонып бастарына, бітсе дәулет,
Көзің сал, көкірегі шерлегенге.
Қолайлы өз халқыңа қызмет қыл,
Белгілі бедеу сыры ерлегенге.
Күйінбе, көп пұл беріп кейінінен,
Сұдулап сырттан жауып зерлегенге.
Осы айтқан үгітімде ғибрат көп,
Отырып ой көзімен серлегенге
Барады бойым балқып, көңілім шалқып
Сөз толғап топ ішінде терлегенге.

Т.Ізтілеуов Құран мен хадистан түйген ғибратты мұраны кеңестік «үгіт» ұғымына сай замандастарына өлеңмен осылай өрнектеп берген. Ессіз болмау үшін ақын бәріне «ой көзімен» қарауды нұсқайды, сондықтан «сөз толғап топ ішінде терлегендердің» ісіне көңілі бұрады.

Ақынның «Шөлмек» өлеңіндегі басты ойлары да Құранның сүрелерін еске салады. «Әнғам» сүресі (59 аят): «Көместің кілттері оның жанында. Оны Ол, өзі ғана біледі. Және құрылықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Алла оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрыққа дейін ашық кітапта бар» (59). Тіршілікте себепсіз ештеңе болмайтынын, тіпті шөлмектің де себепсіз сынбайтынын ақын былай деп жеткізген:

Сөйлеген сөзім ыңғайлы,
Құмартып халқым тындайды.
Шайырдан шатақ сөз шықса,
Күлестік етіп көбісі,
Бір-біріне ымдайды.
Сөз өлшеуін білмеген,

Шағалаша шулайды.

Бұл ақындықтың шарттары: сөз ыңғайлы, шатақсыз болуы және сөз өлшеуін білу ақын үшін шарт. Себебі: «Тал жібектей таза сөз еш жерінді жырмайды. Жағдайсыз сөздің мысалы – «Шеңгелше етек тырнайды». Сондықтан: «Жақындатпа жаныңа, ниеті бұзық сұмырайды. Парасатсыз көп нандан, Қобыз қылған қурайды» Т.Ізтілеуов өзінің өлеңдерінің орнын былай деп анықтайды:

Жазған сөзім қыдырды:
Орал менен Торғайды,
Хорезм жұрты хабарлы,
Шорохан, Төрткүл, Шымбайды
Киіз үйлі қазақтың
Есіткен жері сөзімді
Аяқ асты қылмайды.
Бұл мәурітпен жүргенде,
Жол деген шіркін, ұлғайды.
Баһардағы көп ылғал,
Шілде түссе құрғайды
Үйреніп қалған он саусақ,
«Ұста – деп, қалам», – тынбайды.
Жан барда, тілім жайтаңда
Себепсіз шөлмек сынбайды.

Көркем сөз жан тебіренуінен шығып, жан қажетіне сай болуын Т.Ізтілеуов осылай тұжырымдап берген. Осыны ұстанған ақын ғана қалам ұстау хұқына ие бола алады. Соңғы сөйлем жоғарыда келтірілген «Әнғам» сүресін еске салады: «Бір жапырақ түссе де Алла оны біледі». Сондықтан себепсіз ештеңе болмайды, барлық істің себебі бар екені о баста Құранда тәмамдалған.

«Ой» өлеңінде ақын ой мен бой арасын ажыратып берген:

Негізінде нәпсім – бөрім, ойым – қойым,
Нәпсіге ойды «жемей» жоқ қой тойым.
Біле алмай қайсысына қарарымды,
Болып жүр осы уақытта дел-сал бойым.

Нәпсі мен бойдың таза болуын «Насыбай», «Шылым», «Арак» өлеңдерінде де ақын түсіндіріп бергендей:

Атпаңдар, тіл алсаңдар, насыбайды!
Нас атсаң, нас боласың басыбайлы
Желді күн «түп» деп жерге түкіргенде,
Боқтай-ақ бет-аузыңа шашырайды.
Аптықпай ақылы толық азаматтар
Өз-өзін таза етіп асырайды.

«Өмір өткелдері» өлеңінде Т.Ізтілеуов Аллаға мінезат етеді. Адамды Алла жаратуымен «әуелінде атаның белінде еттің» «Екінші ананың қарны теңінде еттің» дей келе «Тоғыз ай, тоғыз сағат, тоғыз күндей, қадірлеп күдіретіңмен, шегінде еттің».

Бұрыннан қамқоршылық қылып бізге,
Ананы, ақ сүт беріп желінді еттің», –

дейді ақын.

Баланың алты айлығында отбасында отыруы да Алла Әмірінен:

Жүргізіп жыл толған соң апыл-тапыл,
Бойымды бұрынғыдан жеңілдеттің.
Сөйлетіп, екі жаста, оны-мұны,
Тірліктің, тілім, түрлі кебінде еттің.

Әр сөйлем соңында «еттің» сөзінің қайталануы Алла Тағалаға деген құлшылықты мойындау ғана емес, Құран сөздерін нақыштап келтіруге ұқсас:

Секіртіп, сегіз жасқа келгеннен соң,
Айтақыр, ойнамақтың жерінде еттің.
Асқан соң оннан бері, ақыл беріп,
Дүниенің аяласы мен ебінде еттің.

Ақын өзін мұсылман етіп жаратқан Алла Тағалаға мінәжат етеді:

Затыңды – бір білдіріп, досыңды – шын,
Өзімді Әлі исламның елінде еттің.
Отызда, өз алдыма от жақтырып,
Кейіпті жұрт көруге келімді еттің
Ұл-қызға, көп ұзатпай, ата қылып,
Қой, түйе, сиыр, жылқы желімде еттің.
Бойыма ақындықты үйір қылып,
Атымды алты алашқа мәлімді еттің.
Тоқталмай топ ішінде жыр толғауға
Ой көзін өз теңімнен өнімді еттің.
Мың шүкір, осы еткен мәртебеңе,
Енді бер, ойнақшыған емін дерттің!
Байқайтын болса, бектер, сөздің парқын,
Демеймін: «Құр далаға терім кеттің!»

Отанды сүю – иманнан, адамның негізгі кей-пі, ер болып пендешілік Нәпсіні тыя білуі, ақын болып Аллаға мінәжат ету – осының бәрі Т.Ізті-леуовтің басты тақырыптары. Тілі мен амалы байланған кенес кезінде ислам діні өкілі тұспалдап болса да өз борышын осылай орындап кеткен екен!

Ойын ашық айтуға мүмкіншілік болмаса да ақын нәпсі мен жанның күресін, пенденің Алланың құлы болу парызын көркем сөздермен осылай айқындап беріпті.

Осы мерейтой алдында күні кеше ғана жарық көрген ақынның шығармалар жинағында Алла сөзі және Оның 99 есімін анықтайтын түсінік-сөздер тұңғыш рет түпнұсқа қалпында берілген. Олар: Тұта алмай Тәңірі әмірін талықсыдым; Ет Алла, ажарымды Айдан да ашық; Қызығын қия-меттің Құдай берсе; Отырма уайымсыз ажал барда; Болғанмен байтаққа бас қоймас өлім; Оңғарса талабымды Тәңірім менің; Бақ қондыр басыма, Алла, ұшпайтұғын; Иа, Алла, әлі исламға орнат ықпал; Ажал – оқ, Алла – мерген, аспан – садақ; Иа, Алла, рахым айла мұсылманға; Ашпасаң әлі исламның өзің көзін; Жаппар

Хақ жердің жүзін қылса бостан; Сөйлеп тұр Сәруарға енген Кітап; Құлыңды қайғы-қамнан құтқар, Алла; Әй, Кәрім, көптің кеуілін басты қайғы; Әй, Кәрім, кеуілін көркейт мұсылманның; Әй, Кәрім, кеуілін көркейт жұмла жұрттың; Кірмеймін тозағыңа осы халда; Ей, Алла; өрлет енді ықпалымды; Серігің жоқ бір Алла; Күңіренген көз жасын көр көптің, Алла; Ей, Алла, болғаннан соң рахматың мол; Қайбір іс, Қадыр Алла, өзіңе асан; Жұбатар күнің бар ма, Алла; Сабыр түбі сары алтын. Ар-намыс, азаматтар, қайда қалған; Ақырын Алла өзі оңғармаса; Сабырлы салтанатқа болар не (82); Бітірдің бір Құдайдың қай қызметін.

«Серігің жоқ бір Алла» өлеңі Құранның «Ықылас», «Нас», «Фалақ» сүрелерінің қазақша уағызы:

Серігің жоқ бір Алла,
Өлмейтін тіпті ірі, Алла.
Осыншаны халық еткен,
Құдіретті күшті ірі, Алла.
Қалайда да құлыңның,
Өзіңе мағлұм сыры, Алла.
Тәубе, тауфиқ бермесең,
Кеуілімді басты кір, Алла.
Сол кірлерді кетіріп,
Ойыма орнат нұр, Алла.
Адаса қойсам әрқашан,
Жолыңа жақсы бұр, Алла.
Қастық қылған Ханнастың,
Тұмсығына ұр, Алла.
Иманымды жолдас ет,
Дүниеден десең жүр, Алла.
Қабыл қыл деп мұнымды,
Алдыңда құлың тұр, Алла.
Үмбетіңе досыңның,
Бермейсің қайтп бір Алла.
Үмітім бар ұялтып,
Демес-ау деген бұранда.
«Үмітіңді үзбе!» деп
Айтқаның өзің Құранда²

Бұл өлең жолдары көркем уағыз екені әр сауатты оқырман үшін айқын. Құрандағы 112 – Ықылас сүресінің мазмұнын Х.Алтай былай берген:

Аса қамқор, ерекше мейірімді
Алланың атымен бастаймын.
(Мұхаммед ғ.с. оларға) айт: Ол
Алла, біреу-ақ (1). Алла мұңсыз.
(Әр нәрсе оған мұқтаж). (2)
Ол, тұмады да туылмады. (3)
Әрі оған ешкім тең емес. (4).

Ақынның өзі айтқандай, еңбегі құр далаға кетпеді. Тұрмағамбет есімі Х.Досмұхамедұлының «Қазақ тілінің сингармонизм заңы» зерттеуі бойын-

² Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған Х.Алтай. Медина, 1991.

ша Пайғамбарымыз Мұхаммедтің с.а.с. есіміне ұқсас қойылғанын аңғартады. ТұрМұхаммедті қазақша Тұрмағамбет деп қысқартып алу қазақ тілі заңдылықтарына толық сай екенін Х.Досмұхамедұлы сонау 20 ғасыр басында аталған еңбегінде дәлелдеп берген. Олай болса ақын атына сай Алланың сөзін кеңестік атеизмнің «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басқан» заманында насихаттай білген ақынға оның өлеңдеріндегі көркем ғибратты ойлар тәуелсіз Қазақстанның жаңа ұрпағына тағылымы мол ізденістерге

бастасын демекпіз.